



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

## Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КӨБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Альдикенова Анар Альмухановна  
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі  
С.Мәуленов атындағы гимназия  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: aldikenova\_anar@mail.ru

### Аңдатпа

Бұл мақалада Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің білім берудің заманауи бағытындағы ағартушылық идеяларының үндестігін ашып, көрнекті педагогтардың ұстаз және шәкірт тұлғасында дамуымен бірлескен ағарту істерінің қалыптасуы негізінде ағартушылықта атқарған еңбектері және білім саласына қосқан үлестері айтылған. Қос педагогтың шығармашылығының білім беруде өзекті екендігі анықталған. Заманауи бағытындағы Ы.Алтынсарин мен Көбеевтің ағартушылық істері мен еңбектерінің маңызды рөлдерінің қажеттілігі жарияланған.

**Түйінді сөздер:** тұңғыш педагог, көрнекті жазушы, ағартушы ғалым, заманауи бағыт, ағартушылық идея, ағартушы, негізін қалаушы.

### Аннотация

В данной статье раскрывается гармония идей Просвещения в современном направлении образования И.Алтынсарина и С.Кобеева, отражены труды выдающихся педагогов в области просвещения на основе формирования совместной просветительской деятельности с развитием личности учителя и ученика. Установлено, что творчество двух педагогов актуально в образовании. Заявлена необходимость важнейших ролей просветительских дел и трудов И.Алтынсарина и С.Кобеева в современном направлении.

**Ключевые слова:** первый педагог, выдающийся писатель, ученый – просветитель, современное направление, идея просвещения, просветитель, основатель.

### Abstract

This article reveals the harmony of the ideas of Enlightenment in the modern direction of education by I. Altynsarin and S. Kobeev, reflects the works of outstanding teachers in the field of education on the basis of the formation of joint educational activities with the development of the personality of the teacher and student. It is established that the creativity of two teachers is relevant in education. The necessity of the most important roles of educational affairs and works of I. Altynsarin and Kobeyev in the modern direction is stated.

**Key words:** first teacher, outstanding writer, scientist – educator, modern direction, idea of enlightenment, educator, founder.

Қазіргі білім саласының дамуында ақпараттық – техникалық жәнеғылыми жүйедегі саяси – рухани, экологиялық қамтамасыз етуде жаңа деңгейге шыққан Тәуелсіздіктің шыңына өрлеген шақта заманауи ағартушылық идеялары төңірегінде Ыбырай Алтынсарин оқуларында көптеген мәселелер қарастырып жатыр. Сол педагогикалық өрістердің бастауында осы жылы тілге тиек ететін қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсариннің және оның шәкірті С.Көбеевтің өзіміздің Қостанай жерінен шыққандығын мақтан ете отырып, ағартушылық идеяларының үндесу жолдарын баяндауды жөн көрдім. Ұстаз бен шәкірттің елімізде ағартушылық идеялары мен педагогикалық қызметтерін айтар болсақ: мұғалімнің өзіндік мәртебесі, сауаттандыру ақпаратының қолжетімділігі, гуманистік парадигманы қалыптастыру жолы, адамгершілік, ұлттық ұстанымға тәрбиелеуі, жаңаша оқыту және демократиялық әдістерге үйренуі, білім беру динамикасы мен жүйесінің дамуын жүргізуді педагогикалық мұраға қалыптастыруы маңызды істер боып атқарылған. Олардың заманауи бағытындағы үндестіктерін білім саласында қызмет ететін әр маман өз тарапынан ұлылардың ағартушылық қызметтерін сараптай отырып, қазіргі педагогикалық үрдістерге үлгі ретінде ұстануымен өзекті. Жоғарыда аталған ұстаз бен шәкірттің ағартушылық қызметтерінің, олардың мектептер ашып, түрлі әдістемелік және дидактикалық құралдар жазуының заманауи ағартушылыққа ықпалын тигізуі, болып жатқан реформаларда білім беру үрдісі жағдайы мен сапасын үздіксіз қалыптастырып келеді. Жаңашаландырылған оқыту технологиялары мен үрдістерінен бұрынырақ қалыптасқан педагогиканың алғашқы әліппесін тұңғыш педагог, ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашып үлгі қылса, оны жалғастырушы шәкірті, педагог жазушы Спандияр Көбеевтің ағартушылық майданында, халықтың рухани тілегінен дамып келе жатқан дүние десек те болады. Өйткені, жүзеге асып жатқан жемістері еліміздің ғалымдары мен педагогтардың зерттеу ісі жүзінде пікір қалуынан болуы керек. Ы.Алтынсариннің қазақ қоғамында білім бағытының өркендеуіне алғашқы педагог ретінде танысақ, С.Көбеевті ұстаз жолындағы білім саласындағы үндестігін білдірген педагог деуге тұрарлық қос дарын. С.Көбеев–оның шәкірттерінің бірі, ұстазының педагогикалық мұрасы мен білім берудегі атқарған істерінің көзі, аудармашы, прозаик және педагог. Шындығында, заманауи ағартушылық идеялардың көзін ашқан ұстазы Ыбырайдың шәкірті, қоғам қайраткері, ағартушы. [1, б. 485] Ол қазақ

даласындағы қоғамдық ой мен прогрестің дамуына елеулі үлес қосқан 20 ғасырдың басындағы демократ – ағартушылардың қатарында болды. Спандияр Көбеевтің оқу – тәрбие жұмысының негізгі қағидаттары – мұғалім мен оқушының тікелей байланысының қажеттілігі – әрбір оқушыға жеке көзқарас – қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу – кәсіби білім туралы ағартушылық қызметтері болған. 1910 жылы оның авторлығымен «Үлгілі тәжірибе» хрестоматиясы жарық көрді, ішінде үлкен тәрбиелік мәні бар И.А.Крыловтың 37 ертегісі кірді. 1912 жылы С.Көбеев екінші оқу құралын – «Үлгілі бала» атты оқулығын жазды. Бұл жұмыстың педагогикалық маңыздылығы автордың жастарды шығармашылыққа, білімге, адамгершілікке, әділдікке, адалдыққа, әдептілікке тәрбиелеуге шақыруы болды. Бұл жұмыстың тәрбиелік құндылығын жазушы Сәбит Мұқанов жоғары бағалаған. С.Көбеевтің мектептің өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен тәрбиелеудегі рөлін жоғары бағалағанын көруге болады. Осы бағытта қазіргі таңда әріптестерім ерен еңбегі үшін, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен тәрбиелеудегі ерекше рөлі үшін деп марапатталған марапаттау қағаздарынан көріп, Ыбырай мен Спандиярдың демократтық, ағартушылық көзқарасының толыса түскендігінің айғағы тәрізді. Спандияр өзінің «Орындалған арман» атты естелігінде өзінің жазушы боларына сенбеген, ең әуелі оқу құралын жазып, кітап бастырған соң, аударма жұмыстарымен айналысқан. [2, б. 242]

Ұлтымыздың мақтанышы, әрі талантты ұстаз және дарынды жазушы Ы.Алтынсариннің еңбектері, шығармалары тарих бетінде алтын әріппен кірген және осы күнге бітпейтін мұра қалдырған ағартушылық қызметі өте құнды болып келеді. Оның шығармаларындағы ағартушылық идеясының өзектілігі, достыққа, еңбекқорлық, білім – өнерге және мәдениетке, ынтымаққа шақырған. Әлемге танымал педагог – теоретик деп саналған Ыбырайдың оқу орындарын ашуы да маңызды мәселелер болса, шәкірті Спандияр Көбеев те оның жолын қуып қызмет етті. Ыбырай Алтынсариннің ашқан оқу мекемелері: екі сыныптық төрт мектептер; орталық орыс – қазақ училищелері; қолөнер училищесі; әйелдер училищесі; болыстық бес мектеп; екі орыс ауылдарына арналған мектепте кәсіби білім беру жалғасын тапқан. Ыбырайдың педагогикалық мұрасындағы құндылық негіздерін ашудағы оқу құралдарын құрастыруы білім саласына деген қызметінің құндылығын көрсетеді. Оның өзге педагогтардың идеяларына сүйене отырып, мәселен, Ушинскийдің оқулығы үлгісінде «Қазақ хрестоматиясы» – 1879 жылы жазылғанын; «Қазақтарды орыс тіліне оқытудың бастапқы нұсқаулығын» – 1879 ж; Ы.Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін араб графикасына негізделген «Мақтубат» атты хрестоматиясы қазақ тілінде басылды. «Ислам дінінің негіздері» туралы кітабы 1884 ж. шықты. Қазір көптеген әріптестер дана педагог ұстанымы арқылы түрлі әдістемелік құралдарын жасап, педагогикалық идеяларымен тәжірибе алмасып жатқанын көргенде, осы бір фундаменттің үлгісіндей іспетті деп ойласамыз. Олай дейтінім, кешегі күні жанында шәкірт болған С.Көбеевтің өзі ұстаз жолымен өз үндестігін тапты емес пе? Бізге де мынау қиын заманда оқу құралы қалағанымызша жазылмады деп айтудың орнына, тәжірибе алмасатын отыз жылдан асқан педагогикалық өтілімізбен аймақтық оқу құралдарын жазуымызға болатын ыңғайлы заман. Десек те, біз сапалы оқу құралдарының болуын қалағанмен, ізденуге қамтылған оқушыларға қажетті материалдармен бағыттап алатындай жасауымыз қажет. Әр дәуірдің педагогтар өз тарапынан қаншалықты сапалы дүние қалдырса, соншалықты мәңгі педагогикалық шежіреден орын алары сөзсіз. Соған мысал болып отырған басқа ғасырдың болса да, ең алғашқы педагог атамыз Ыбырайдың білім беруде қойған міндеттері қазіргі міндеттермен үндеседі.

Ы.Алтынсарин мен С.Көбеев ағартушылық бағыттағы идеялары	Заманауи бағыттағы ағартушылық идеясы
– оқытуды қажетті ғылыми және ең озық әдістемелік деңгейде жүргізу;	– Оқытуда ғылыми және инновациялық жаңашаландыру деңгейінде бәсекелестікке сайлы жүргізу
– халықтық білім беруді тиісті түрде қаржыландыру;	– Білім саласындағы қызметтерін қажетті жағдайда марапаттау
– қазақ балаларын өзге ұлттармен бірге салыстыра оқыту;	– Орыс мектебінде оқыту, үштілділікке баулу
– білім алғандарға оны қоғамдық өмірде қажетті қолдануға мүмкіндік беру	– Қоғамдық жұмыстарға белсенділігін арттыру, кәсіби шеберлікке шыңдау
– мектептер ашу, кәсіптік училище ашу	– заманауи мектептерін ашу, оқу орындарын ашу

Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің білім берудің заманауи бағытындағы ағартушылық идеяларының үндестігі қоғамында еңбегі сіңген жан – жақтылығымен ұлттық құндылықты зерттей келе, арман – мақсаты осы қазіргі білім саласына ұйытқы болуымен үндесіп, шәкірттерді қабілетіне қарай тәрбиелеп, оқыту және тәрбиелеу үрдісінде қайырымдылыққа, табандылыққа, еңбекқорлыққа, ынтымаққа бағыттағанын түсіндім. Тілді игерубарысында оқушы екі бірдей дағдыны қатар игерсе, оқулықта мемлекеттік тілмен орыс тілі грамматикасын салыстыра оқытуды қажет еткені айтылған. Оқу құралы сол кезде де және қазіргі кезде де талап қойғанына сай терең оқулық – әдістемелік еңбек болып табылады. Екі елдің грамматикасын салыстыра оқытып грамматикалық ережесін ашқан Ыбырай мен Спандияр мұрасының тіл үйрену үрдісінің мәселесінің шешімін тапты.

Сол үрдіс қазіргі заманда үштілділік пен көптілділікті талапта болып отыр емес пе? Заман талабы жағдайында болашақтың бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіруінің алғашқы баспалдағының фундаментін қалаған Ы.Алтынсарин делік, оның идеяларына бас иген шәкірті С.Көбеев өз тілін толық меңгере отырып, орыс тілімен салыстыра оқытқан күндерін ескерсек, әлеммен еркін байланыста болуын қалаған. Білім саласында бастау алған өткен күннің ізімен жалғасқан қазіргі таңдағы тіл ұстарту, педагогикалық идеялары кеңінен білім саласында дамып келеді. Жалғасын тапқан оқу құралдары мен оқулықтар, кітаптардың оқушыларға, тыңдаушыларға немесе т.б салаларға арналған материалдарының идеялық мазмұны мен тілдік даналықтың бай қазынасына негізделгенімен де таныспыз.

Ы.Алтынсариннің С.Көбеевке ықпалы соншалықты қуатты болғаны соншалық, педагогикалық қызметте ол өз мұғалімінің идеясын ұстанды.Алтынсариннің ағартушылық идеялары қазақ халқының экономикалық және мәдени артта қалушылығын бұзуға бағытталған. Олар қазақ халқын өркениетті халықтар қатарынан көруге құмар болды. Олар білім беруді мақсат ретінде емес, құрал ретінде, әлеуметтік ортаны өзгерту үшін белсенді күресу үшін жастарды игеруі керек қару ретінде қарастырды. Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқының білімді болуын аңсап, «Қазақ халқының өзі білім алу үшін құнарлы жер болып табылады», – деп айтқаны бар. Ол шәкірті С.Көбеевпен бірге ағартушылықты прогрестің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды, онсыз бүкіл ұлттың дамуы мүмкін болмайтынын ашты. Олар мектепте берілетін білім мен дағдыларды ресми білім тұрғысынан емес, олардың нақты пайдасын, өмірінің өтпелі кезеңіндегі халық үшін пайдасын ескере отырып бағалады. С.Көбеевтің де ұстазының педагогикалық идеяларымен үндесуінде мектептің негізгі мақсатын оқушылардың бойында жоғары адамгершілікті қалыптастыруда, олардың бастауыш ғылыми білімді игеруінде, жаратылыстану – ғылыми дүниетанымды дамытуда көріп, озық мәдениеттің жаршысы бола отырып, жастардың ғылымға деген қызығушылығын, еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше назар аударғанын, халыққа қызмет етуге шақырғанын, ондағы адамгершілік сезімін дамытуын және бұл қасиеттер адамға ерте жастан сіңірілуі керек екендігін түсіндірді, сондықтан олар өзідерінің барлық күш – жігерін, білімін, энергиясын жас ұрпақты тәрбиелеуге берді. Олардың оқулық материалдары, еңбек тәрбиесі мәселелері орталық орындарда болған. [3, б. 178] Еңбектеріндегі психологиялық және тәрбиелік тұрғыдағы принципті маңыздылығын атап көрсетті. «Тәрбие адамның ақыл – ойын дамытып, оған белгілі көлемдегі ақпарат беріп қана қоймай, ондағы байыпты еңбекке деген құштарлықты оятуы керек, онсыз оның өмірі лайықты да, бақытты да бола алмайды» – деген ұстазы Алтынсариннің сөзіне сүйенген шәкірті С.Көбеев еңбекке деген сүйіспеншілік адамның бойындағы адамгершілікті нығайтатынын дәлелдейді. Ұстазын түсінудегі еңбектің мәні адамның жеке күш – қуатын қамтамасыз ететіндігінде және оған қанағат пен ішкі тыныштық әкелуде ғана емес, басты талпыныстағы қазақ балаларын халқына пайдалы болатындай оқыту, ауылшаруашылық пен өнеркәсіптің жетістіктеріне баулу екенін көрсеткенімен айғақ. С.Көбеевтің ұстазы Ы.Алтынсарин барлық өмірін ғылым мен білім алатын демократиялық зиялы қауымның алғашқы кадрларын дайындауға арнаса, тәрбиелеген алғашқы халық ұстаздары – қазақтар оның жолсерігі болды, ол бастаған прогрессивті істің ізбасарлары болды. Ұстаздық істе, ұстазының пікірінше, мұның бәрі ұстаздық жолдағы оқытудың ең жақсы тәсілдерін таба білуі және шәкірттерімен дұрыс қарым – қатынаста болуының әсерінен екенін айту артықтық етпейді. Алтынсарин мен Көбеевтің шығармашылығы қашан да өзекті болып қалады, өз ісімде оқушылардың сыйластықта, мейірімділікте, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелейтін мазмұнды әңгімелерін қолданамын. Мұғалімдер оқу үрдісінде берік оқу тәртібін, ұстанып, қатысты дидактикалық материалдар мен ресурстарды негізгі тәртіп ерге сүйеніп қолданады, осының барлығының бастауын тұңғыш педагог қалап келген, ал С.Көбеевтей шәкірттер тарапы біз десек те дұрыс болар. Өйткені қос педагогтардың еңбектерін қолдану еш аздық қылмайды. Мағынасы мен жүйесін негіздеп, әртүрлі әдістер арқылы педагогикалық идеяларының негізін жасағанындай оқу және тәрбие жұмысында пайдаланғанымыз жөн. Олардың ағартушылық қызметіндегі педагогикалық идеялары, мектеп жүйесі мен ғылым мен білімді жоғары бағалауға, балаға деген сүйіспеншілікке және жеке басын, мұғалімдік мәртебесін құрметтеуге негізделіп, пайдалы қызмет атқаратын тұлғаны қалыптастыру көзделген. Қазір Қазақстанды әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде танығандықтан, тәуелсіздік алудың қысқа тарихи кезеңінде Қазақстан әлемдік өркениетке кіруімен, жаңа прогрессивті технологияларды пайдаланып, экономикада өзгеріс жасалып жатқанын білеміз. Елімізде әлеуметтік – экономикалық даму перспективалары айқындалып келеді. Бұл тұрғыда қоғам жаңа өмір сүру деңгейі негізін құрап және елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды факторлары, базасы болып табылатын қоғамдық даму деңгейінің өлшемдері ретінде қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, адами капиталдың рөлі мен маңызы артуында болып отыр. Кезектен тыс қоғамдық қатынастар жүйесіндегі реформалар білім беруге әсер етеді, одан ұтқырлықты және жаңа тарихи кезеңнің шындығына қарай дамыту қажеттіліктеріне жақын болуымыз керек.Жоғарыда айтылған мәселелерді кезінде Ы.Алтынсарин табандылықпен шешкен. Білім беру жүйесі білім берудің ескірген әдістемелік жүйесінен қажетті құрылымдары мен мазмұнын дамытып жатыр. Алайда білім беру нәтижесі ретінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейін бітіруші түлектің нақты моделі де мамандыққа жол

ашатынын естен шығармай, болашағы әлеуметтік – экономикалық және рухани – адамгершілік құндылықтар жүйесінде мұғалімнің қандай орын алатынына байланысты екенін де білгеніміз жөн. Алтынсариннің ағартушылық қызметінде де, Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында да шетелдік мамандардың тәжірибесін пайдалана отырып, қазақстандық білім беруді сұранысқа ие нәтижеге бағдарланатындай ұйымдастыруға болатынын көрсетудің басты мақсаты екенін атап өткен жөн. Тек қана «өндірілетін» білім берік болып табылады, яғни мазмұн ақпарат көзінен белсенді танымдық қызмет құралына ауысады. Оқушының субъективті тәжірибесін өзектендіру – оқушының білімінің, іскерлігінің, дағдысының жеке жүктерін байытуға бағытталған қолайлы оқу өзара іс – қимылын жасау үшін қажетті шарттардың бірі. Тәрбие адамның ақыл – ойын дамытып, оған белгілі көлемдегі ақпарат беріп қана қоймай, ондағы байыпты еңбекке деген құштарлықты оятуы керек, онсыз оның өмірі лайықты да, бақытты да бола алмайды», – деді Алтынсарин, еңбекке деген сүйіспеншілік адамның бойындағы адамгершілікті нығайтады. Еңбектің мәні, Алтынсаринді түсінудегі еңбектің мәні адамның жеке әл – ауқатын қамтамасыз ететіндігінде немесе оған қанағат пен ішкі тыныштық әкелетіндігінде ғана емес. Оның басты талпынысы – қазақтардың балаларын өз халқына пайдалы болатындай етіп оқыту және егіншілік пен өнеркәсіптің жетістіктеріне баулу. Осы көзқарасының негізінде шәкірті С.Көбеев те қолдау көрсетіп, өз тарапынан ағартушылық үрдісте оң шешімдерін көрсете білді.

Қорыта айтқанда, педагогика саласында инновация, жаңашылдық турасында, әлемде қарқынды дамып келе жатқан, тарихи – педагогикалық тәжірибені түсінуге жаңа мүмкіндіктер ашатын ғылыми білімнің жаңа саласы туралы көп айтылады. Сол жаңасы ұрпақтан – ұрпаққа эстафета ретінде беріліп келе жатқан осы ағартушылардың педагогикалық үндесуін тілге тиек қылудың маңыздылығы осында болып отыр. Қос ұстаз бен шәкірттің педагогикалық идеяларын жүзеге асыруформалары мен әдістерінің өзгеруінің мүмкін екенін, бірақ өзгермейтін шындығы тағы бар екенін ескере кетсек екен:

- ұстаздық қадір – қасиетін арттыратын педагогика үшін күрес жүргізуі;
- ұстаздықтағы шәкірт бақыты мен еңбегін көру және педагогикадағы гуманистік тұлға принциптерін дамыту үшін күресуі;
- қоғам және адам мүмкіндіктері үшін үздіксіз күресуі;
- әр саналы адамға білімді, өнерді, еңбекке баулуды бекіту және оқыту үрдісін дамыту үшін күресуі шындық.

Міне, осы мәселелер Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің педагогикалық мұраларында негізін құрап, қазіргі педагогикада ой салатын мәселелер екендігімен күрделі. Білім төңірегіндегі ұлттық басымдықтар мен адамгершілік құндылықтарға, қоғамдық борыш ұғымдары, әлеуметтік ынтымақтастық пен ұрпақтар сабақтастығы негізделмесе, білім және кәсіби дағдылар жасампаздық жасай алмас еді. Сондықтан мұның барлығы ағартушының арман – мақсаттары болуымен біздің болашақ ескіні дүние жүзінде ақиқатқа айналдырса, өмірде адам баласы мен еліне пайда көрсете алатын гуманистік тұлға ретінде ғана жетістікке жетеді. Педагогикалық идеялардың жасампаздық қуатты энергиясын қуаттайтын педагог – мұғалімдер тұңғыш ғалым Ы.Алтынсарин және оның шәкірті С.Көбеевтің заманауи бағыттағы ағартушылығына зер салуға қашан да дайын болуымыз керек. Зерттеушілердің қағидаларында, Ы.Алтынсариннің реформаторлық қызметін өз заманынан бастап қарастырып, егер осы күнде білім саласындағы реформалауға іліксе, онда білімді дамытудағы тұжырымдамасын жаңашалап та жүзеге асыра еді, оған қоса Көбеевтің де өзінің ағартушы ұстазының бағытында аса жауапты істер атқаратынына сенімдімін. Екеуінің ағартушылық идеялары қазақ халқының экономикалық және мәдени артта қалушылығын бұзуға бағытталған болып, қазақ халқын өркениетті халықтар қатарынан көруге құмар болды. Озық оқытудың үрдісінде заманауи бағыттағы жаршысы бола отырып, жастардың ғылымға деген қызығушылығын, еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше назар аударғандығымен, халыққа білім беруде қызмет етуге шақырып, адамгершілік сезімге үндеген. Сол қасиеттердің болар ұстаз бойына ерте жастан сіңірілуі керек деп, барлық күш – жігерін, білімін, энергиясын жас ұрпақты тәрбиелеуге берген беделді тұлғалар болып ел көкейінен еш кетпейді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Т.Әлбеков. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2006 жыл. Алматы. 485 б. <https://kitap.kz/book/qazaq-adebietining-tarixy>.
2. С.Көбеев Таңдамалы шығармалары. 1960 жыл. Алматы. 242 б. <https://stud.baribar.kz/13126/s-koebeevtinh-shygharmalary/>
3. М.Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 19 том. 1985 жыл. Алматы. 178 б. [https://adebiportal.kz/kz/books/view/muxtar-aeuzov-20-tom\\_1053](https://adebiportal.kz/kz/books/view/muxtar-aeuzov-20-tom_1053)
4. Ы. Алтынсарин «Екі томдық шығармалар жинағы» 2003 ж. Алматы. 18 – 21 б. <http://engime.org/afartushi-pedagog-jazushi-foleklorist-etnograf-jene-ofam.html?page=5>
5. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» 1991ж. Алматы. 155 б. <https://stud.kz/referat/show/86040>